

### Анықтама

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» МКҚК - ның комплаенс офицері А.Байтанова, колледж әкімшілігін, инженер-педагог қызметкерлерін, бөлім меңгерушілерін, кураторлар және колледж қызметкерлерін мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында заңсыз ақша жинауға және бітіру іс-шараларын өткізуге жол бермеу жөніндегі шаралар туралы хатымен таныстырды. Білім беру ұйымдарында ата-аналардан, студенттерден немесе өзге де тұлғалардан заңсыз қаржы жинауға қатаң тыйым салынатынын түсіндірді. Сонымен қатар бітіру кештерін, салтанатты іс-шараларды өткізу барысында артық шығындарға, қаражат жинауға, қоғамдық тәртіптің бұзылуына жол бермеу қажеттігі айтылды.

Қызметкерлерге Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нұсқаулық хаттары мен қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптары таныстырылды. Бітіру іс-шараларын ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау, білім алушылардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен қарау міндеттелді.



### Информация

Недопущение незаконного сбора денег и проведения выпускных мероприятий в организациях дошкольного, среднего, технического и профессионального, послесреднего образования администрацией колледжа, инженерно - педагогическими работниками, заведующими отделениями, кураторами и сотрудниками колледжа, комплаенс-офицером ГККП «Жанатасский многопрофильный колледж» управления образования акимата Жамбылской области Байтановой А. о мерах по защите прав потребителей.

Пояснила, что в организациях образования категорически запрещается сбор незаконных средств от родителей, студентов или иных лиц. Кроме того, в ходе проведения выпускных вечеров, торжественных мероприятий подчеркнута необходимость недопущения излишних затрат, сбора средств, нарушения общественного порядка.

Сотрудникам были презентованы инструктивные письма Министерства образования и науки Республики Казахстан и требования действующих нормативных документов. При организации выпускных мероприятий было обязано соблюдать меры безопасности, ответственно относиться к жизни и здоровью обучающихся.

## ХАТТАМА

«Жаңатас көпсалалы колледжі»  
28 мамыр 2026 жыл

### Жиналыс тақырыбы:

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында заңсыз ақша жинауға және бітіру іс-шараларын өткізуге жол бермеу жөніндегі шаралар туралы

### Қатысқандар:

Колледж әкімшілігі, инженер-педагог қызметкерлері, бөлім меңгерушілері, кураторлар және колледж қызметкерлері.

### Күн тәртібі:

1. Білім беру ұйымдарында заңсыз ақша жинауға жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
2. Бітіру іс-шараларын өткізу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау.
3. Колледж қызметкерлерін аталған мәселелер бойынша таныстыру.

### Тыңдалды:

Жиналыста колледж басшысының директордың м.а. Ибраимова К.Т., директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Д. Коданов, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Д. Қойлыбекова, кадр бөлімінің меігерушісі Г.Д. Айнекова және комплаенс офицері А.С. Байтанова білім беру ұйымдарында ата-аналардан, студенттерден немесе өзге де тұлғалардан заңсыз қаржы жинауға қатаң тыйым салынатынын түсіндірді. Сонымен қатар бітіру кештерін, салтанатты іс-шараларды өткізу барысында артық шығындарға, қаражат жинауға, қоғамдық тәртіптің бұзылуына жол бермеу қажеттігі айтылды.

Қызметкерлерге Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нұсқаулық хаттары мен қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптары таныстырылды. Бітіру іс-шараларын ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау, білім алушылардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен қарау міндеттелді.



**Қаулы етті:**

1. Колледж қызметкерлеріне білім беру ұйымдарында заңсыз ақша жинауға жол бермеу туралы талаптар қатаң ескертілсін.
2. Бітіру іс-шараларын ұйымдастыру кезінде заңнама талаптарының сақталуы қамтамасыз етілсін.
3. Топ жетекшілері мен бөлім меңгерушілеріне студенттер мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылсын.
4. Осы мәселе бойынша бақылау колледж әкімшілігіне жүктелсін.

Комплаенс офицері



А.С. Байтанова